

Д.С.ЖАҚАН

**ҚАЗІРГІ ПРОЗАДАҒЫ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНА ОРТАҚ
ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МОТИВТЕР МӘНІ**

В данной статье проанализирована художественная функция тюркских фольклорных мотивов, нашедших отражение в современной казахской прозе. Отдельно рассмотрены стилевые особенности каждого мастера слова.

Makalede Türk folklorii motiflerinin edebi fonksiyonu ve onlari Kazak Edebiyatindaki niteligi dezerler. Aupsa uazarlari da üssüp özellikleri de incelenir.

Тәуелсіздік тұсында жазылған прозалық туындылардағы жалпы түркі халықтарына ортақ фольклорлық мотивтерді сарапалағанда бұл заңдылықтардың жазушы талантты мен оның алдына қойған мақсатына байланысты әрқиылдырып сипат иеленетіндігі көрінеді. Бұл кезеңдегі шығармаларға тән басты ерекшелік: ешбір саяси, әдеби шектеулер мен қысым қыспағында қалмай, фольклорлық ой, образ, ұғым-түсініктерді мейлінше еркін пайдалана білуінде. Қаламгерлер тараашынан да ғасырдан ғасырға сұрыпталып, екшепшіл жеткен фольклорлық құндылықтарға қайта оралу мен қызығушылықтың басымдығы көңіл аудартады. Әрине, бұл құбылыстың өзінің, әрбір жазушының қаламгерлік қабілет-қарымы мен өмірлік тәжірибесіне де байланысты әрқиылдырып көрініс тауыш жататыны күмәнсіз.

Талантты прозаиктер фольклорлық құндылықтарды өз ой-санасында қайта қорытып, жаңаша серпін беру арқылы адам жан дүниесіндегі қайшылықтар мен өзгерістерді көрсетудің, жеке тұлғаның болмыс ерекшелігін ашуудың психологиялық құралы дәрежесіне көтере алған. Мәселен, аң мен адам арақатынасы жайлы көне түсініктерді тірілтіп, көркемдік мақсатта пайдалану арқылы бүгінгі оқырман қажетіне жарата білуде А.Алтай шеберлік танытса, фольклорлық тұс көру мотивінің көркем шығармадағы кейішкер характерін ашуға, образ бен ойды айшықтауға жұмсалуы, бейсаналық архетиштердің (бір адамның екіге жарылуды), кейішкердің жан түкпірінде жатқан құпия қалтарыстарына бойлаудың әдісі ретінде түрленуі қазіргі әдебиеттің фольклорды мүлде жана деңгейде пайдаланғаны Т.Әбдіков, М.Магаун шығармаларынан айқын аңғарылады. Фольклордағы ежелден белгілі осы тәсілдің жеке адам мен қоғам қатынасын суреттейтін аллегориялық құрделі тәсілге айналуы да фольклорға жаңа көзқарас. Жазушылардың өзекті ойды айту үшін сана түкпіріндегі гажайыш сәтке ену, ең мен тұс, ғайып болу, сапар шегу сияқты фольклорлық ұғымдардың авторлық идеямен астасып, шығарманың түскі қазығы адам жанының тазалығына, ізгілікке оралу ойларымен үндесіп, жымдастыш кеткені, яғни, мұндағы фольклор жазушылар үшін адамзатты адамгершілікке үндеудің өзіндік өрнегін салуға себеп болғаны деп айтуға болады. Сондай-ақ,

бүтінгі прозадагы ертегілік образдардың жазушылар тарашынан қайта көркемделуі, ал, әпостың қалыштасқан композициялық-құрылымдық беліктерінің, мысалы, перзентсіздік зары, қанатты ат, ғажайыш туу мен ержетудің дара шығармашылық стильдегі түрлену заңдылықтарың, ежелден белгілі ұғымдарды қайта жаңғыртып, шығарма мақсатымен қабыстыра суреттец, тәрбиелік-тағылымдық ой айтудың қыска да нұсқа ұлтісіне айналдыра біту қаламгер шеберлігінің сипаты ретінде танылады. Мысалы: Д.Исабековтің «Өкпек жолаушы» шығармасындағы «Әйел-ана» архетиши, «Үй – архетиши» мен «Жол мотивінің» ұлттық ерекшелікке сай жаңаша мәндө жаңғыруы – автордың фольклорға шығармашылық қарым-қатынасының даралық қолтаңбасының айғагы.

Түркі тектес халықтарда қашанды аданы ерекше құрметтеген. Ана адамзат ұрпағын дүниеге әкелуші, ұрпақтарды өсіруші, әрі тәрбиелеуші, әрбір үйелменнің шаңырағын ұстаушы қамқоршы ие деп есептелген. Сондықтан әйелдерге ізет көрсету қоғамның әрбір мүшесінің азаматтық борышы болып есептелген. Оның құрсақ көтеріп, аман-есен босануына, қоғамға жаңа жас мүше әкелуіне ру, тайпа адамдары түгел тілеулес болып, екіқабат әйелге қамқорлық жасап, жаңашырлық көрсетіп отырган. Демек, Д.Исабековтің кейіпкерінің әжесінің аузынан айтылатын сөз бүкіл халықтың ұрпақ тәрбиелеуге деген аса зор жауапкершілігін танытады. Тек ата-ана емес, туган, туыс, әулет, ауыл-аймақ тұтас елдің оң ииетінде болып, мейірім мен ізгілік құндағында өскен бала ешқашан қatalдық танытпасы анық. Авторлық ой осы мазмұнды мензейді.

Адам баласы ұрпағының өсіп-өнуіндегі аданың орны көне фольклордан бүтінге дейін түрлі дәрежеде бейнеленіп келеді. Д.Исабеков осы туындысында «Әйел – ана» ұғымына архетип тұрғысынан келген. Себебі, кейіпкер әйелдің бүкіл болмысы, оның әже, аналарының іс-эрекеті, көзқарас, санасты көне ана-еркі замандарынан бастау алатын ұрпақты сақтау, көбейту, дүниеге тек қайырым мен мейірім төгу мазмұнынан нәр алған. Қаншама қайғы-қасірет көрсе де, ошақтың отын өшірмей, бөтенді жатсынбай, бала-шагасын өсіріп отырган әйел тұлғасында көне түркілік Ұмай анаға тән қасиеттер нышаны бар. Шығармадағы әйелден таралып жатқан мейірім, қайырым осыны көрсетеді.

Д.Исабеков кейіпкерлерінің әжесі де, әйелі де, қызы да көнеден келе жатқан құндылықтардың сақтаушысы ғана емес, соны өз өмірінде ұстанушы. Олардың трагедияларының басты себебі де сол. Автор кейіпкер мен сыртқы орта арасында қайшылық тудырып, бүтінгі құндылықтарға көзқарас қай дәрежеде деген ойды мензейді.

Тұындыда қыз баланың ата-анаға жауапкершілігін баса көрсететін мұсылмандық аныздың негізінде дүние тіршілік бастауы – әйел дейтін ерте анаеркі дәүірінің элементтерімен қатар мұсылмандық миф те астасып жатыр. Өйткені, Құранда адам баласының тіршілігінде жасаған жамандық пен

Д.С.Жақан. Қазіргі прозадағы түркі халықтарына ортақ ...

жақсылығының таразылар күні барлығы, бір Аллаға сеніп, шектеулерінен тыйылыщ, дұрыс жолда жүргендердің осы күні Алладан сыйлық алып, сенбекендері жазаланатындығы жайлы және өлген соң тірілетін адамдардың жиналатын жері мақшар деп атальш, шайғамбарлардан бастаң, барлық адам баласынан сұрақ алынып, жауашқа тартылатындығы жөнінде уағыздалауды.

Бұл жайында Құранда: «Адамның жақсылығы мен жамандығы Алла білгетін таразыда өлшенеді». «Сол күнгі іс-әрекет өлшенетін таразы әділ...» – деп көрсетілген.

Яғни ислам дінінде – Аллаһ тағала өмірлерінен именіп, бойұсынуда болғандар үшін жаңненнан орын дайындалады деп көрсетілген. Шығармадағы исламдық ұғымдармен қатар көне сенім ізі қызыбаланың о дүниеде де қамқоршылық қызмет атқара алатындығы жайлы мотивтен көрінеді. Ол о дүние тозақ, күнә, сауап жайлы исламдық түсініктемен толығыш, әйел тұлғасын дәрілтеудің көркемдік әдісі ретінде қолданылған.

Шығармадағы басты фольклорлық сипат үй архетипінің шеберлікпен бейнеленуінен де көрінеді. Аталмыш шығарманың негізгі оқиғалық орны болған екі бейтаныс жанға ортақ үйде кездесетін екі адамның бірі: осы үйде ұзақ жылдар қоныстанып, анасы мен тұңғышының шілдеханасын, балалық қылышын қызықтаған, кейін тағдыр тәлкегімен Сібірге кетіп, жырма жылдан кейін оралған жолаушы жігіт пен осы үйдің қазіргі тұрғыны балашағасын есіріп-багып, жан-жаққа жіберген жалғызлікті әйел. Шығарманы оқып отырғанда үйдің адам өміріндегі маңызы жайлы ежелден келе жатқан таным-түсініктемдердің бояуы қалыңдай түседі. Фольклорлық түсініктегі үй – тұтастай тұрғыда киелі мәнге ие. Себебі, ол адам баласын ыстық пен суықтан, қауіттен қорғайтын орынғана емес, көне танымдармен тамырлас семантикаға толы. «Үй – екі дүниенің аралық шекарасы», «Үй – ғұрыш-салттардың атқарылатын орны», «Үй – өткен ата-бабалар рухының сақтаған орны», «Үй – тылсым мен реалды өмірдің ара мен жігінде тұрған, бірақ игерілген және тәртішке келтірілген кеңістік». *Оңтүстік Сібір түркілерінің дәстүрлі дүниетанымында* көрсетілгендей, игерілген кеңістік құрылымын бірнеше дейгейлерге бөлуге болады: «Біріншіден, бұл – адам барынша игерген және менгерген тұрағы, кеңістігі. Екіншіден, бұл үй – тұраққа тікелей жапсарлас, ат байлар қазықпен, малға арналған қорамен, басқа да шаруашылық құрылыштарымен шектелген кеңістік. Бұл «үйге үйретілген» кеңістік. Үшіншіден, бұл – ру территориясында игерілген шаруашылық: өңделген алқап, өзендер, жайылымдар, қыстаулар, саят құратын жерлер. Мұнда адам таулардың, өзендердің, су аттардың рухтарымен «көрішлес» отырады». Осы жерді пайдалануға деген адамның күлкү оны үнемі дәлелдеуді, таңбалауды қажет етеді. Сондықтан үйдің есігі, төрі, оң жағы, сол жағы, төбесі, т.б. бөліктегінен кеңістік жайлы мифтік танымының тарихына сай мағына жүктеген. Қазактың «ез үйім өлең төсегім», «үй болмай – күй болмайды» деуінің мәнісі осында. Повестегі бірін-бірі мұлде

танымайтын екі адамды табыстырып тұрган да сана тұлқіріндегі осы сезімдер секілді. Эрбір адам үшін өзінің тұрган үйі – ең алдымен, ата-анасы, ата-әжесінің көзі, естелігі іспетті. Фольклорлық таным бойынша үйдің босағасы мен төріне қатысты ырым-тыйымдарда ешuaқытta дүниеден өткен жандардың аруағы да естен шығарылмайды. Мәселен: босағаны кермеу, босағага отырмау, келіннің төрге озбауы, т.б. Қарымды қаламгер осы фольклорлық заңдылықтарды аталмыш повесіндегі ескі үйіне ұзақ жылдардан соң келген жолаушы жігіттің үй есігінің тұтқасын қайта-қайта ұстауы, үйдің әрбір бұрышын аялай сипап, бір кездері қағылған қазықты іздеуі, анасының рухымен сырласуы арқылы берген. Көнеден келе жатқан бұл фольклорлық сана бүкіл шығарманың көркемдік қуатын артыруға қызмет етіп тұр десек, артық емес. Себебі, бұл жазушы шеберлігі арқасында кейішкердің өткен өміріне, туған жұрттына, туған үйіне деген сағыныш, аңсау сезімдеріне терендей бойлататын психологиязмінің бір амалына айналған.

Мифтік үғым бойынша есік тұтқасы – игерілген кеңістік пен сырт кеңістіктің аралық нұктесі. Осы шығармадағы үй есігінің ашылуы, жабылуына мән берілу арқылы да жазушы өткен мен бүгін, өлім мен өмір, ізгілік пен зұлымдықтың ара қатынасын, яғни алмасып жататын өмір құбылыстарын бейнелеген.

Ал, қазық – негізгі әлемнің үш бағытын: жоғарғы, ортаңғы, төменгі бағытын белдіретін нышан. Араға жиырма жыл салып, оралыш тұрган жолаушының өзінің өү бастағы мифтік мекеніне оралуының тұспалы. Мұны қазақ «Ат айналып, қазығын табар» деген тұжырымдаған.

Кейішкердің балалық шағын еске алу сәттерінде бұрынғы адамдар арасындағы үйлесімділік, айтқызбай-ақ үғысу қасиеттерін аңсауда қайтыш оралмайтың, бүгін жоқ уақыт, яғни мифтік уақытқа тән шарттылықтар пайдаланылған. Өткен уақытқа қастерлі, қасиетті мағына сыйғыза дәріштеу үй иесі әйелдің өз анасы, қызы жайлы әңгімелерінде де көрініс ташқан.

Сондай-ақ осы шығармада фольклорлық жол мотиві де көркем қолданылған. Жаның өлмейтіндігі туралы, оның белгілі бір уақыт аралығында дүниеге сапар шегетіндігі жайлы, бақсының, ауру адамның жанын іздең, мифтік кеңістікті емін-еркін аралайтындығы сияқты жайттар бұл архетипті тудырған себептер. Мифтік үғымдардағы игерілмеген кеңістікті «бөтөн», «жат» деген бейнелеу, жерлеу ғұрпының да негізгі сарындары. Шығармадағы жолаушы – жігіт өз мекенінен ұзақ уақыт қол үзіп, сырт елде тағдыр талқысын көріп, кері оралады.

Кеңістік жайлы мифтік үғымдар «біздікі», «біздікі емес», «дос», «дүшшаш» дейтін қос тінді мағынаға сәйкес дамыған. Батырлық жырлардағы шетсіз, шексіз дала «біздікі», ал, биік таулар табиғи шекаралардың қызметін атқарған. Олардың артында жау болуы мүмкін. Қаһармандық уақыт қым-қигаш оқиғаларға толы. Осы эпикалық әдістің прозада қолданылу ерекшелігі байқалады. Демек, үй – мифтік кеңістіктің орталық нұктесі. Ал, фольклорлық

Д.С.Жақан. Қазіргі прозадағы түркі халықтарына ортақ...

кейіпкердің іс-әрекеті жолға шығу, сапар шегумен тығыз байланысты. Ал көркем әдебиеттегі жол мотиві – уақыт пен кеңістікті біріктіріп, адам баласы өткеніне ой жүгіртіп, тағлым түйдіріп, жанын тазартудың, білімін байытудың әдісіне айналған. Д.Исабековтің жолаушы кейіпкерінің өмір жайлы, әйел, ана жайлы толғаныстары – осының дәлелі.

Осының өзінде фольклорлық символика бар. Мұнда да уақыт жайлы мифтік түсініктер көркемделген. Бір ғана адам өмірбаянында екі түрлі уақыт сипаты көрінеді. Бірі – өз уақыты, екіншісі – бөтен, әлем уақыты. Өз уақытынан шығу кейіпкерді қауіп-қатерге ұшыратып, бөтен әлемде, бөтен уақыттан адам баласының тағдырын небір шығалаңдарға толтырган. Түркіхалықтарына ғана емес жалпы адамзаттық фольклорлық ұғымдармен астасып жатқан *Құс образының*, мысалы: Ақбас бүркіт бейнесінің түрлі таным-түсінік тарихын (totemдік, шамандық, аруақ күлті) тоғыстыратын бейне ғана емес, өткен мен бүгінді байланыстыратын мифтік уақыт символында пайдалану шеберлігі де С.Досанов шығармашылығынан байқалыш отыр. Ал іштей түрлі салаларға жіктелетін күрделі құрылымдық жүйе фольклорлық ғұрыш-салттың көркем прозадағы сипаты, тақырып пен жазушы идеясына қатыстылығы да күрделі мәселе. Мысалы: «Жан – кене», «Жан – түйе», «Жан – көбелек», т.б. образдарындағы кене жан туралы мифтік түсініктің заманға сай жаңғыртылуы Т.Нұрмаганбетовтің, «Өліш-тірілү», «Көмүсіз калу» оқигалары арқылы жерлеу ғүршына қатысты ұғымдарды Қ.Тұменбай, СДосанов, Ж.Шашттайұлы, С.Елубай сияқты жазушылардың обал, сауаш, қиянат жайлы халықтық ұғымдарды ұрпаққа ұлағат ету үшін жинақты, тұспалды ой айтудың құралында пайдаланғандығы аңғарылады. Жазушылар кейіпкердің өзін және оның айналасын өлім арқылы сынап, жалғандық пен шынайылықтың бет-бейнесін апыш, адамгершілік эстетикалық мақсатты мұрат тұтады Кешегі кеңес кезеңінің өзінде де түрлі тыйымдарға қарамастаң, фольклорды шеберлікпен пайдаланудың жолын талантты қаламгерлер таба білген. Табиғаттың дүлей күштерімен бетше-бетте ерлігімен дараланатын ежелгі аңпы-мерген тұлғасын тірілтіш, тұспалды ой айта білген шығармалар шоғыры да арнайы талдауды керек етеді.. Демек, қандай кезеңдерде де фольклор мен әдебиеттің байланысы бірде табиғи, бірде мақсатты түрде үнемі жалғасып отырган. Ал бұл құбылыстың проза жанрының ерекшелігіне сай бірде айқын, бірде көмескі көрінің заңдылық. Себебі, поэзияға тән ұшқырлық пен заман талабына тез бейімделу немесе драмаға тән көрермен талабын ескеретін ықшамдылық қасиеттер прозада өз заңдылығына сәйкес дамиды. Оның үстінен фольклор – әдебиетten көп бұрын пайда болған, сан ғасырдан бүгінгे дейінгі түрлі даму, өзгеру, түрлену жолынан өткен өзіндік көркемдік жүйесі қалыптасқан әлем. Соңдықтан, әрбір қаламгердің фольклорға қарым-қатынасында тек таланттылық қана аздық етеді. Жоғарыда талданған шығармалардағы фольклордан үйрену,

менгеру, сіндіру, қайта жаңғыргу секілді заңдылықтардың ізі осы ойымызды айғақтайды.

Сонымен қатар көркем прозадағы мифопоэтикалық символдардың шеберлікпен қолданылуы, уақыт пен кеңістік шекіздігі, түрлі кезеңдер кейішкерлерін бір мақсатта тоғыстыру құбылыстары да көркем прозада айқын көрініс ташқан. Және отбасылық салттағы: авункулат, кувада секілді көне түсініктер сілемінің көркемдік мәні мен тұсау кесу, бала асырап алу, қонақ күту рәсімдері және отбасындағы әке, ана, келін, қызы, ұл ұғымдарының фольклорлық түрғыда көріну сипаттары да шығармалардың ұлттық реңкін күштейте түсіп көне түркілік құндылықтардың заманға сай жаңғыруын да танытады..

Әрине, екі түрлі күрделі жүйенің өзара терең байланысындағы жалпы түркілік фольклорлық мотивтердің көркемдік қызметін бір мақала толыққанды шептіл берे алмайды. Алайда жоғарыда талданған мотивтерді туыстас халықтар мәтінімен салыстыру арқылы тұжырымдар түйіндеу алдағы зерттеулерге негіз боларлық күрделі мәселе екені анық.

REZUME

D.S.ZHAKAN (Almaty)
COMMON TURKIC FOLKLORE MOTIFS IN CONTEMPORARY KAZAKH
PROSE

Article deals with the artistic function of Turkic folklore motifs that are reflected in the modern Kazakh prose. Considered separately for each style features the master word.